

Б.С. Байменова, С.О. Кулжабекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: botagoz.baymenova@mail.ru, saya_81k@mail.ru)*

Медиа контент арқылы жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыру

Аңдатпа. Мақалада медиа контент арқылы жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастырудың жолдары талданған. Осы салада зерттеген ғалымдардың теориялық еңбектері негізге алынған.

Заманауи қоғамдағы медиа контент ұғымының мәні, мазмұны, қағидалары негізге алынады. Медианың классификациясы сараланып, жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға жеңіл бейімделуін сөз еткен. Медиа сауаттылыққа тән құзыреттер қарастырылып, оларға түсініктеме берілген. Индустриалды технократтық қоғамда өмір сүруі үшін адамдарға қажет дағдыларға тоқталған. Медиабілім мен медиа мәдениетті қоғамды жаңғырту факторлары екені нақтыланады. Жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыруда оң бағыт беретін әлеуметтік медиа контенттердің саны мен сапасын молайтып, жасөспірімдердің медиа сауатты болуын қамтамасыз ету педагогтардың дұрыс бағыт беруінде екені нақты айтылады.

Авторлар тақырыпты зерттеу барысында әлеуметтік медиа, жаңа медиа ұғымдарын нақтылаған. Жасөспірімдердің әлеуметтенуіне әсер ететін медиа контенттің ерекшеліктері зерделенеді жаңа медиаға талдау жасалады. Басты ұғымдардың мағынасын ашып көрсете отырып, ақпараттың басты көзі болып тұрған ғаламдық желі мүмкіндіктерін тиімді, сауатты қолдануды ұсынады.

Түйін сөздер: медиа, әлеуметтік медиа, медиа контент, әлеуметтік құбылыс, жасөспірімдердің дүниетанымы, ақпараттық сауаттылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-145-4-37-48>

Кіріспе

Қоғам мен мәдениетті ақпараттандырудың жаһандық үдерісі білім беру индустриясының дамуына жаңа талаптар қояды. Қоғамның даму стратегиясы осы талаптарды негізге ала отырып, білім мазмұнын, тәрбие әдістерін, дүниетаным мүмкіндіктерін, құндылық бағдарын, әлеуметтік трансформация үдерісін модернизациялауды тұрақтандырады. Бүгінгі ақпараттық қоғамның үдемелі және жедел өзгеруі жеке тұлғадан әртүрлі дағдылардың қалыптасуын қажет етеді. Оның бірі қоғамның талаптарына тез бейімделумен тығыз байланысты.

Американдық футуролог-публицист Элвин Тоффлер өзінің зерттеуінде қоғамдық мәселелерге тоқтала отырып, адамдардың әлеуметтік ортаға жеңіл бейімделуін сөз еткен. Сонымен қатар бейімделу жолдарына, ерекшеліктеріне теориялық тұрғыда талдау жасайды. Оның пайымдауынша, «Индустриалды технократтық қоғамда өмір сүруі үшін адамдарға жаңа дағдылар қажет. Олар: білім, қарым-қатынас және таңдау қабілеті. Білім уақыт кеңістігінде заман талабына сай өзгеруі қажет». [1]

Жаһандық тенденцияның дамуы, медиабілімнің ашықтығы, реформаларлардың модификациясы, интеграциялық үдерістер жасөспірімдердің әлеуметтік бағдарын қайта

қарауды қажет етеді. Дүниетанымның қалыптасуы медиа контенттер арқылы жүзеге асады.

Ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқандықтан әлеуметтік медиа контентті қолданбайтын адамды кездестіру мүмкін емес. Бүгінгі таңда әр адам бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік контент құруға қатыса алады, өз хабарламаларын жасай алады және оларды желіде орналастыра алады. «Төртінші билік» деп аталып кеткен бұқаралық ақпарат құралдары, телекоммуникация мен радиохабарлар, әлеуметтік желілер күнделікті өмірімізге нық орныққаны сондай, біз оларсыз өмір сүре алмайтындаймыз. Коммуникация жасауға, қызығушылықтары бір топтарға бірігуге және ақпарат алмасуға болатын әлеуметтік ортаны құратын интернет - қызмет нағыз қарым-қатынас моделіне айналып отыр. Ғаламдық желі ақпараттың басты көзі болып табылады.

Әлеуметтік медианың білім және тәрбие саласындағы тарихы тереңде жатыр. ХХІ ғасырда ақпараттық - коммуникациялық технологиялардағы революциялық төңкерістер баспасөз ақпарат құралдарын қазіргі қоғамдағы ықпалы жоғары білім беру институттарының біріне, тәрбиенің маңызды агентіне айналдырды, қоғамның барлық саласына едәуір жаңашылдық әкелді.

Жасөспірімдердің тәрбиесі мен олардың дүниетанымын қалыптастыру осы кезге дейін отбасы, білім беру орталықтарына тиесілі болса, ал қазіргі цифрлық дәуірде осы қызметті әлеуметтік медиа атқарып жатыр.

Кез келген жасөспірім медиа контент арқылы мазмұны әртүрлі ақпараттармен таныса алады. Олардың белсенділігі жоғары, қолжетімді контенттер негізінде әлем жаңалықтарынан хабардар болып отырады.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы медиа кеңістікте сапасыз медиа контент пен деструктивті әрекеттерге итермелейтін ағымдардың өсуіне әсер етуде. Заңсыз, жалған ақпараттың таралуынан қазіргі қоғамның дәстүрлі құндылықтары жойылып, жасөспірімдердің мінез-құлқы мен құндылық бағдары ақырындап өзгеріске ұшырауда. Олардың көзқарастары мен дүниетанымы желілік кеңістіктегі контент - бағдары негізінде қалыптасуға бейім келеді. Сондықтан жасөспірімдердің тұрақсыз психикасына әсер ететін медиа контентті дұрыс қолдану арқылы ақпарат құралдарын әлеуметтік тәрбие берудің құралдарының біріне айналдыруға болады. Дұрыс бағытталған тәрбие жасөспірімдердің медианы сауатты қолдануына ықпал етеді. Бүгінде сауатты болу үшін оқып, санап және жаза білу жеткіліксіз. Жасөспірімдерде іздеу, түсіну, сыни тұрғыдан бағалау және өз ойын білдіру үшін ақпаратты пайдалану дағдылары жетіспейді.

Зерттеу әдістері

Қазіргі заманғы Интернет – технологиялар медиа және ақпараттық сауаттылықты бір уақытта меңгеруді талап етеді. Ақпараттық сауаттылық ұғымын ғылыми тұрғыда анықтайтын болсақ, сауаттылық- оқу және жазу қабілеті, компьютерлік сауаттылық – компьютерде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, ақпараттық сауаттылық – ақпаратты іздеу және өңдеу мүмкіндігі, медиа сауаттылық-әртүрлі медиа түрлерінде хабарламаларды талдау, бағалау және құру қабілетін анықтайды.

ЮНЕСКО медиа және ақпараттық сауаттылық ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Термин қандай да бір технологияларды қолданатынына қарамастан барлық байланыс құралдарын (медиа), бұқаралық ақпаратты (баспасөз, радио және теледидар, кино, жарнама интернет) және басқа да ақпарат жеткізушілерді, соның ішінде кітапханаларды, мұрағаттарды, мұражайларды қамтиды [2].

Ақпаратты таңдау, түсіну, бағалау, қолдану, құру, сақтау және ұсыну қабілетінің болуы ақпараттық сауаттылықты көрсетеді. Ақпараттық сауаттылықты меңгерген жасөспірімдер сыни тұрғыдан ойлауға, ақпаратты талдауға және оны пайдалануға қабілетті. Бұл білім беру мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық сауаттылық ұғымы әртүрлі дағдылардың кең спектрін қамтиды. Атап айтқанда, ақпараттың қажеттілігін тану, шығу көздерін анықтау, ақпараттың сапасын талдап, бағалай отырып, қажетті контентті таба білу, ақпаратты ретке келтіру, сақтау, топтастыру, оны этикалық, тиімді және кәсіби пайдалану, жаңа идеяларды құру және тарату.

Ал, бейнелерді, дыбыстар мен хабарламаларды алу, талдау және бағалау, сондай-ақ жеке мақсаттар үшін медиа әлемінде сауатты қарым-қатынас жасау мүмкіндігінің болуын медиа сауаттылық деп айта аламыз.

Медиа сауаттылыққа тән құзыреттерді қарастыратын болсақ, эстетикалық және шығармашылық: медиа-мазмұнды білу, құру және түсіндіру қабілеті. Бұл дағдыларды оқушылар өздері медиа-контент құра отырып, қалыптастыра алады.

- қарым-қатынас және коммуникация: медиа арқылы қарым-қатынас жасай білу, яғни тұтынушы және ақпарат жеткізуші рөлінде болу, әртүрлі медиарөлдерді сынап көру. Оқушылар бұл құзыреттілікке ынтымақтастық және практикалық тапсырмаларды орындау барысында үйренеді. Қарым-қатынас дағдылары оларға өз көзқарастарын білдіруге көмектеседі.

- сыни тұрғыдан ойлау және талдау: әртүрлі талдау құралдарын қолдана отырып, медиа формалар мен олардың мазмұнын түсіну, түсіндіру және бағалау мүмкіндігі.

- қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету: мәселелерді шеше білу және жағымсыз жағдайлардан аулақ болу. Интернеттегі қауіпсіздікке келетін болсақ, бұл жерде сіздің жеке өміріңізді қорғай білу және зиянды мазмұн мен ықтимал қауіпті байланыстардан аулақ болу маңызды [2].

Талқылау

Осы ақпараттарға сүйене келе, медиа және ақпараттық сауаттылық - бұл медианы, бұқаралық ақпарат құралдарын және басқа да ақпарат көздерін тиімді пайдалана білу. Бұл азаматтық қоғамда әлеуметтену және белсенді өмір сүру үшін өмір бойы қажет сыни ойлау және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларымен байланысты деген түйінге келе аламыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жасөспірімдердің мінез-құлқы мен санасына, дамып жетілуіне әсері көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Соның ішінде П.Б. Сейітқазының медиабілім туралы еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Iskernews.kz порталында берген сұхбатында «Медиабілім ұрпақтың рухын шыңдайды», деп БАҚ арқылы бүгінгі буынды тәрбиелеудің маңызы мен мәнін айтып өтті [3].

«Болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері» ғылыми зерттеу жұмысында білім беру мен тәрбиелеу процесінде БАҚ-тың орны мен рөлін анықтады. «Тәрбие процесінде бұқаралық ақпарат құралдарының дамуын ескере отырып, ақпараттық қоғам жағдайында педагогты даярлауға қойылатын талаптар өзгереді, сондықтан болашақ оқытушыларды бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбие процесіне мақсатты түрде дайындау қажеттілігі туындайды» - деп атап көрсетті [4].

Сондықтан жасөспірімдерге қарым-қатынас құралдарын қауіпсіз пайдалану, өзін-өзі айқындау, дүниетанымын қалыптастыру үшін қажетті құзыреттіліктерді жетілдіру және өмір бойы оқу, үйрену қабілеттерін тәрбиелеуге көмектесуде педагогтың рөлі зор.

«Қазіргі жасөспірімнің психологиялық портреті», «Медиа әлем және жасөспірім» тақырыптарын терең талқылап жүрген М. Иманкулов, А.Усупбаева өзінің педагогтарға арнаған «Медиа и информационная грамотность» тақырыбындағы ресурстық кітабында: «Қазіргі жасөспірімдер интернеттің көмегімен қандай қажеттіліктерді қанағаттандыра алады? Біздің балаларды әлеуметтік желіде қандай ақпараттар қызықтырады? деген сұрақтардың жауабын іздеді. Интернет пен әлеуметтік желілердің қоғамға, жасөспірімдердің мінез-құлқының ауытқуына, тұлғалық ерекшеліктеріне әсер ететін әлеуметтік факторларға үлкен қызығушылық танытқан. Бұл материалдар медиа және

ақпараттық сауаттылық ұғымын, оның өзектілігін, білім беру процесіне бірігу мүмкіндігін ашады, мақсаттары мен нәтижелерін сипаттайды, ақпарат көздерімен таныстырады [2].

Қазіргі ғылым әлеуметтік медианың жұмыс істеу принциптерін, қазіргі жасөспірімдердің құндылық бағдарлары мен медиа тұтыну ерекшеліктерін жақсы зерттеген. Дегенмен, ғылым зерттеу үшін «әлеуметтік медиа», «жаңа медиа», «құндылық бағдарлар», «медиа» сияқты негізгі түсініктердің ортақ анықтамаларын осы уақытқа дейін әзірлемеді, дәстүрлі құндылықтардың ортақ классификациясын жасамады. Әлеуметтік контенттің деструктивті мазмұны жүйеге алынбады, әлеуметтік медиа жанрларының адам санасына, дүниетанымы мен құндылық бағдарына әсер ету құрылымы нақтыланбаған. Осындай олқылықтарды саралай келе, олардың орнын толтыру аса зор маңызға ие. Алдымен негізгі ұғымдарды нақтылап және саралай отырып, медиабілім мен медиа мәдениетті қоғамды жаңғырту факторлары ретінде қарастырылған жөн деп таптық. Әлеуметтік медианың жасөспірімдердің әлеуметтенуіне оң әсерін сипаттап, тұтыну ерекшеліктерін анықтай отырып, медиа-мәдени кеңістікте жасөспірімдердің құндылық бағдарларын және дүниетанымдарын қалыптастыру моделі әзірленуі тиіс. Әлеуметтік педагогтың медиа контентке тәуелділігі басым жасөспірімдермен, олардың ата-аналарымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстары нақты айқындалуы керек. Әлеуметтендіру жұмыстарын жүргізер алдында БАҚ пен түрлі медиа контенттің тигізетін әсерін бірнеше аспектіде қарастырса болады.

- Біріншіден, рекреативті аспектісі – халықтың бос уақытын ұйымдастыру құралы ретінде, кино көруден, газет оқып, театрға барып, күнделікті тұрмыс түйткілдерінен ауыр шаршаудан, қайғы-қасіретінен арылып, нерв жүйесінің демалуына ықпал жасайды.

- Екіншіден, релаксациялық аспектісі – жасөспірімдер достарымен кездесуді қаламаса, үйде жалғыз қалса, ата-анасымен сөйлескісі келмесе, заманауи аудиожазбаларды тыңдап, компьютермен ойын ойнайды, уақытын өткізеді. Кейде, үйде болатын тынышсыздық пен мазасыздық, ата-ананың қарым-қатынасындағы келеңсіз жағдайлар баланың медиа құралдарға жүгінуіне себеп болады.

- Үшіншіден, таным қызметі. Бұл таным қызметін жасөспірімдердің дүниетанымын кеңейту құралы ретінде қарастыруға болады. Медиа контент баланың өзіне қажетті мәліметтер алуына, олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Осы мәселені талқыласақ, электронды құралдардың кең таралуына балалар мен студенттер кітап оқу арқылы білім жинақтаудан тысқары қалуда, сөйтіп, олар өздігімен білім жинақтау жолын меңгере алмауда. Бұл олардың кәсібін сапалы меңгеруіне теріс әсерін тигізуде. Алайда, көпшілік қауымға арналған мәліметтерді естіп, әлемнің әр тарабынан мәлімет алып отырады. Осы арқылы жасөспірімдердің дүниетанымы қалыптасуда. Яғни осыдан түйетініміз: бүкіл әлеммен байланыс орнату тетіктерін меңгеру - дүниетанымды кеңейтудің бірден-бір құралы.

Сондықтан, БАҚ қызметкерлері, медиа контент ұсынушылар танымдық сипаттағы мәлімет беретін, білім жинауға, тәрбиелік ықпал ететін, жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар жасап, талқылап теледидар немесе басқа да желілерден беріп отыру керек. Әдетте қай жастағы адам болмасын өзіне керекті, пайдалы көңіл көтеретін арналар мен контенттерді көреді. Сондықтан кез келген жастағы адамдардың, әсіресе еліктеуге бейім жасөспірімдердің сұранысына, талабына сай хабарлардың, контенттердің әлеуметтік маңызы зор. Медиа контенттер талғамға сай іріктеліп, оң тұстары айқындалып барып ұсылуы тиіс.

Пайдаланушыларға контент (мәтіндер, бейнелер, аудио) құруға және оны жаппай таратуға мүмкіндік беретін байланыс технологияларын әлеуметтік медиа деп қарастыра отырып, «Әлеуметтік медиа контент қазіргі қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігі, жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды жоғары институтына айналды» - деп көрсеткен С.Н. Шевченко Бұқаралық ақпарат құралдарының жасөспірімдерге әсер ету сипатын жағымды да, жағымсыз деп жіктейді. [5]

Нәтижелер

Интернет заманында өскен балалар ақпараттық кеңістікте өзін жақсы сезінеді. Өртүрлі электрондық кітапханаларға, анықтамалықтарға (географиялық, арнайы, мекен-жай), сөздіктерге қол жеткізіп, хабарламаларды, құжаттарды, мәтіндерді, аудио, фото және бейнематериалдарды жіберіп, қабылдай алады. Соңғы жаңалықтардан хабардар бола отырып, қашықтықтан шет тілдерімен қоса қалаған пәндік курстарға, викторина, олимпиада, конкурстар, телеконференциялар мен ғылыми бірлестіктерге қатысады. Өз жеке сайттарын құру, электрондық поштаны пайдалану, компьютерге қажетті ақпаратты, оқу бағдарламаларын жүктеуді меңгерген жасөспірімдер үшін бұл жетістіктер Интернеттің тиімді, пайдалы, оң жағы деп айта аламыз. Бірақ ақпаратпен дұрыс жұмыс істеуді және медиа арқылы өз ойын сауатты білдіруді үйренуге көмектесетін оқытушының көмегіне мұқтаж.

Интернет бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялардың негізгі құралына айналған. Интернет медиаға жатады.

Осы уақытқа дейін әлемде интернетті бұқаралық ақпарат құралы деп санауға бола ма деген пікірталастар бар. Дегенмен, күн сайын жаһандық желі адамдар үшін негізгі ақпарат көзіне айналатынын есте ұстаған жөн. Бұл туралы В.С. Комаровский өз дәрістерінде шетелдің БАҚ мәселесіне қатысты арнайы заңдарына тоқталып өткен. Оның пікірінше «БАҚ қызметін реттейтін арнайы заңдар барлық шет елдерде бола бермейді. АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Голландия, Испания, Австралия сияқты мемлекеттердің нормативті заңдары бұқаралық ақпарат құралдарының ерекше құқығын мойындамайды. Оларда БАҚ азаматтық және өзге де заңнама нормаларымен реттеледі. Еуропа елдерінде журналистика қызметіне қатысты мақалалар әртүрлі кодекстер мен заңдарда көрініс тапқан» [6].

Медиа жайлы зерттеулер нәтижесі медиа классификациясын жасауға мүмкіндік берді. (1-кестені қараңыз).

Кесте 1

Медиа классификациясы

1	2	3	4
Негізгі құрал түрі бойынша:	Қабылдау арнасы бойынша	Пайдалану орны бойынша	Ақпараттың мазмұны, әлеуметтену бағыты бойынша
Баспа; Радио; Кино; Теледидар; Видео; Компьютерлік желілер;	Аудио; Видео; Аудиовизуалды; Символдық – мәтіндік; графикалық;	Жеке; Топтық; Жапшай; Үй; Жұмыс; Көлік;	Идеологиялық; Саяси; Адамгершілік-тәрбиелік; Танымдық-тәрбиелік; Эстетикалық; Экологиялық; Экономикалық;

Баспа, радио және теледидар дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына жатады.

Жақында «жаңа медиа» термині танымал бола бастады. Жаңа медиа (ағылш. Newmedia) - XX ғасырдың аяғында интерактивті электронды басылымдарға және газеттер сияқты дәстүрлі медиадан айырмашылықтарды белгілеу үшін контент өндірушілерінің тұтынушылармен байланысының жаңа формаларына қолданыла бастаған термин. Нақтырақ айтқанда, бұл термин цифрлық, желілік технологиялар мен коммуникациялардың даму процесін білдіреді.

Мичиган университетінің медиа технорлогиясының профессоры Рассел Нейман: «Newmedia» ұғымын сандық құрылғыларда үнемі қол жетімді және пайдаланушылардың

мазмұнды құруға және таратуға белсенді қатысуын білдіретін бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа форматы ретінде қарастырады [7].

Шетелдік зерттеушілердің пікірінше, «жаңа медиа» ұғымы кез-келген уақытта, кез-келген жерде және кез-келген электронды құрылғыда медиа мазмұнға үнемі қол жетімділік сияқты құбылыстармен байланысты, бұл интерактивті кері байланыс жасауға, сондай-ақ соңғы өнімді өндіруге қатысуға мүмкіндік береді [8].

Соңғы жылдары компьютерлер мен интернеттің пайда болуынан дәстүрлі медиа жаңа технологиялармен толығы бастады.

Жаңа медиа қоғамдағы қарым-қатынас моделін және адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау тәсілін толығымен өзгертеді.

Жаңа медиа өзінің сегменттелген нарығы мен мамандары бар толыққанды индустрия, онда интернет басты делдал болады.

С.С. Смирнов медианы медиация құралы яғни, шындықты бейнелеу, содан кейін оны біреуге одан әрі беру мүмкіндігі бар процес ретінде қарастырған.

Сонымен қатар, бұл ақпарат беру үшін тұтынушымен байланыс құралдарының жалпылама тұжырымдамасын бере отырып, оларды масс-медиа (теледидар, радио, баспасөз, сыртқы жарнама құралдары) және тікелей медиа (пошта, телефон, факс) деп жіктеген [9].

Ақпараттық құралдарын дұрыс пайдалану мақсатында кейінгі кезде медиа білім беру (латын сөзі «құрал» деген мағына береді) деген ұғым пайда болды. Зерттеуші, ғалым А.В. Шариков медиа білім беруді «Бұл адамда медиатизацияланған әлеуметтік коммуникация мәдениетін қалыптастыру процесі» - деп есептеген. Оның негізгі мақсаты – қазіргі кездегі шарттарға бейімделуге жастарды даярлау, қажетті білім алу бағдарламаларын таңдай білу, техника құралдарын дұрыс пайдалану, ауызекі сөз арқылы жеткізу мүмкіндігі болмаған мәліметтерді түсіндіруге, қимылдамай көп отырудың денсаулыққа зиян екендігін ұғындыру болып табылады [10].

Медиабілім алу мектепте, орта және жоғары оқу орындары мен тағы басқа да білім ордаларында жүзеге асырылады. Ол барлық пәндерді оқыту не болмаса арнайы сабақтарды түсіндіру арқылы іске асады, мысалы Франциядағы «медиа-форум» және Ресейдегі «белсенді жас телекөрушілер» деген орталықтар осындай жұмыстармен шұғылданады.

Осыған байланысты педагогика ғылымдарының кандидаты Д.Т. Кортиева жасөспірімдердің гуманистік құндылық бағдарларын қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін жалпы білім беру мазмұны мен орта мектептің оқу-тәрбие процесінің тұжырымдамасын құруда қолдануға болатын «Медиа мәдениет және қоғам» авторлық курсының бағдарламасын әзірлеп енгізгенін өз еңбегінде атап көрсетті. Медиа-мәдени кеңістік әлеуметтенудің маңызды факторы ретінде жасөспірімдердің құндылық бағдарын қалыптастыру моделін әзірлеу дұрыс деп тауып, білім беру моделінің орындайтын функцияларын нақтылаған. Сонымен қатар оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған модельденген білім беру жүйесінің негізгі ұғымдарын ұсынады [11].

Жоғарыда алынған мәліметтерді зерделей келе медиа мен БАҚ қызметтерін жұмылдыра отырып пайдалы контенттер санын көбейту басты назарда болуы керек.

М.О. Насимов өзінің «Тәрбие берудегі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі» еңбегінде БАҚ-ның негізгі қызметтерін қарастырған.

Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметтері



Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының саяси қызметі осымен шектелмейді. Ғалымдар БАҚ-ның саяси кеңес беру қызметін тәрбие беру мәселелерімен байланыстырып қарастырады [12].

Тұлғаны әлеуметтендіруде БАҚ-ның әсерін зерделеген А.Б. Изтурғанова өз зерттеулерінде «Тұлғаны әлеуметтендіру және өмірге бейімдеу тарапынан алғанда бұқаралық ақпарат құралдары мезофакторлардың қатарында екендігі мәлім. Әлеуметтендірудің мезофакторлары ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттары жеке тұлғаға ғана әсер етіп қоймай, үлкен әлеуметтік топтардың санасы мен мінез-құлқына яғни бұқара халықтың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді, ондағы басты мақсат тұлғаның кейбір мәселелері бойынша өмірлік көзқарастарына әсер ете отырып, өмірге, қоғамға дұрыс әлеуметтенуін, бейімделуіне ықпал ету. Олай болса бұқаралық ақпарат құралдары жасөспірімдердің әлеуметтенуіне, дүниетанымын кеңейтуге өзіндік тұрғыда үлес қосады, сондай-ақ тұлғаның қосымша білім алуына көмектеседі» - деп атап көрсетеді [13].

Педагогтар мәдени және саяси саналы азаматтарды тәрбиелеп шығару үшін ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану дағдыларын, контент таңдауда сауатты болуын

қамтамасыз ете алады. Бұл жасөспірімдерді өз өмірлеріне жауапты қарауға шақырады. Сондықтан білімге, өнерге, адами құндылықтарды қалыптастыруға тәрбиелейтін медиа контенттердің қолжетімді болуы керек.

Интернеттің артықшылығы - желі білім беру және пайдалы тәжірибені ұсынады, оны дұрыс пайдалану олардың мектептегі немесе институттағы үлгерімін жақсарта алады. Медиа контент жасөспірімдерге әлеуметтік дағдыларын дамытуға, әлеуметтік шеңберін, дүниетанымын кеңейтуге, жер-жерден жаңа достар табуға мүмкіндік туғызады. Білімдегі, өнердегі достарының жетістіктері кез-келген жасөспірімдерді шабыттандырады. Игі істерге толы видеороликтер, қысқаметражды фильмдер адамгершілік қасиеттерін молайтады. Кей жағдайларда, атақты адамдардың парақшаларында бөліскен іс-әрекеттері мен түрлі кеңестеріне қарап, жасөспірімдер жиі қайталайды. Осылайша, танымал адамдар «есірткі зиян» - деп айтса, онда жасөспірім тыңдайды. Егер медиа контент арқылы салауатты өмір салты, спортпен шұғылдану, әлеуметтік көмек, білім алу насихатталса, ол жасөспірімдердің тәрбиесіне оң нәтижесін береді. Осылайша, әлеуметтік желі көрген ақпарат арқылы жасөспірімдердің салауатты өмір салтын ұстануына түрткі болады. Бұл білім деңгейін арттырады. Қазір жасөспірім тәлім-тәрбиелік мәні бар контентті интернет көмегімен таба алады және соның негізінде рухани байи түседі. Сондықтан интернет желілері мен БАҚ-ның тәрбие үдерісіне тигізетін әсері өте зор екенін ескере отырып, тәрбиеге оң бағыт беретін контенттердің саны мен сапасын молайтқан жөн.

Қорытынды

Әлеуметтік медиа контент жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды жоғары институты ретінде қазіргі қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігіне, тәрбиелеу функциясына айналғанын байқаймыз.

Жоғарыда сараланып өткен ұғымдарды талдай келе жасөспірімдердің санасын, әдеттері мен қалауын қалыптастыруда адам өмірінің маңызды компонентіне айналған медиа контенттің жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсері өте зор екенін мойындаймыз.

Әлеуметтік педагогтың жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыруда жүргізетін жұмыстарының негізгі бөлігі ретінде «Бізді қызықтыратын әлем», «Әлемге көмек», «Сен жалғыз емессің!» секілді жасөспірімдердің ортақ қызығушылықтары бойынша «Жас талапкер» кіші ғылыми қоғам құруды ұсынамыз.

Кіші ғылыми қоғамның жұмыс жоспары мен міндеттерін Л.В. Мардахаевтың жіктеген БАҚ-ның негізгі функцияларына бағыттаса болады.

- қоғамдық-саяси ықпал (белгілі бір саяси міндеттерді шешу);
- тәрбие (идеология, құндылықтар, патриотизм және т.б.);
- ақпараттық (лат. informatio-түсіндіру): бір нәрсе туралы хабардар ету, ақпаратты жинау, өңдеу, тарату және сақтау;
- оқыту және білім беру: кәсіби қызығушылық танытқан аудитория, ой-өрісін кеңейту;
- көркемдік-репродуктивті: өзінің маңызды әлеуметтік-мәдени белгілерін сақтаған өнер туындысын қайта құру;
- көркем-нәтижелі: ерекше өнер туындыларын тарату - жарнама, телешоулар, радио драмалар, телевизиялық фильмдер және т.б. бұл ретте ақпаратты үйге түпнұсқада жеткізу орын алады;
- ойын-сауық: бос уақытты жағымды демалыспен, ойын-сауықпен (музыка, кино және т.б.) толтыру [14].

Осы жіктелген функцияларды саралай келе Медиа контент функцияларын ақпараттық, пікір қалыптастыру, білім беру, басқару функциялары деп жіктеуді ұсынамыз.

Цифрлық технологиялар бүгінгі таңда адамның әлеуметтенуі мен қалыптасуында қазіргі заманғы мәдениет пен медиа кеңістіктің келбетін анықтайды. Бұл мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі - адамның әлеуметтік, ақпараттық және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған медиа-мазмұн.

Біз медиа контент бизнес, медиа, білім беру сияқты салаларға әсер ететін қазіргі мәдениеттегі ақпарат пен коммуникацияны ұсынудың негізгі түрлерінің бірі болып табылады деген қорытындыға келдік. Бүгінгі таңда бұл жастар медиа контентті тұтыну саласындағы халықтың ең белсенді бөлігі болғандықтан, осы аудиторияның құндылықтары мен мотивтері олардың медиа контенттерге деген көзқарасын анықтайды.

Бұл жайлы өз зерттеуінде Т. Дроботова былай деген «Бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді тұтынушылары бола отырып, жасөспірімдер хабарламаның жасырын мағынасын, оны құрудың себептері мен механизмдерін әрдайым түсіне бермейді» [15].

Бұдан түйетініміз, жасөспірімдердің дұрыс бағытта тәрбие алуына ықпал ету алдымен ата – анасы және педагогтардың қолында екендігі. Бұл ретте әлеуметтік педагог ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану дағдыларын, контент таңдауда сыни көзқарастың дамуын қамтамасыз ете алады. Медиа контентті қолдануда ақпаратты сауатты болу жасөспірімдерді өз өмірлеріне жауапты қарауға шақырады. Дүниетанымдарын кеңейтіп, білімге, өнерге, адами құндылықтарды қалыптастыруға тәрбиелейтін медиа контенттер көбейетін болса, жасөспірімдер баспасөзде, радио және телешоуларда, кинофильмдерде, интернетте және басқа да ақпарат көздерінде ұсынылған ақпаратты түсініп, талдап, сыни бағалап, іріктей алады. Әртүрлі коммуникация құралдарында хабарламалардың пайда болу себептері мен мақсаттарын, жасырынып тұрған мазмұнын түсіну арқылы сенімді ақпаратты таңдай білсе, ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді және саналы түрде пайдалану дағдысы қалыптасады. Осы арқылы қоғамдық ақпараттық контенттің жеке адамға, қоғамға, мәдениетті қалыптастыруға әсерін және сөз бостандығын жауапкершілікпен пайдаланып, оның шекарасын түсінеді. Виртуалды және медиа ортада сындарлы және этикалық қарым-қатынас жасайды, сауатты контент – хабарламалар дайындап бұқаралық ақпарат құралдарында таратуды үйренеді. Байланыс кезінде зиянды немесе қорлайтын контенттен аулақ болады. Ең бастысы, жауапкершілікпен дайындалып көпшілікке жария етілген ақпаратты жауапсыз дайындалған, тапсырыссыз, бейтарап, жалған ақпараттан танып, ажырата алады. Осы арқылы бір ақпаратты әрбір тұлға қалай және неге әр түрлі түсінетінін ұғатын болады.

Егер медиа контент арқылы салауатты өмір салты, спортпен шұғылдану, әлеуметтік көмек, білім алу насихатталса, ол сөзсіз оң нәтижесін береді. Осылайша, Рунеттің әлем кеңістігінде көрген ақпарат жасөспірімдердің салауатты өмір салтын ұстануына түрткі болады, білім деңгейін арттырады, тәрбиелі контент негізінде рухани байи түседі. Сондықтан болашақ ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда оң бағыт беретін әлеуметтік медиа контенттердің саны мен сапасын молайтып, жасөспірімдердің медиа сауатты болуын қамтамасыз ету керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоффлер Э. Шок будущего. – Москва: «Издательство АСТ», 2002. – 557 с.
2. Иманкулов М., Усупбаева А. Медиа и информационная грамотность: Ресурсная книга для учителя. – Бишкек, 2018. – 270 с.
3. Сейітқазы П.Б. Медиабілім ұрпақтың рухын шыңдайды. [Электрондық ресурс] – URL: <https://yvision.kz/post/487275> (жүгінген күні: 28.01.2023).
4. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері: Автореф. дис. ... пед.ғыл. докт. – Астана, 2009. – 51 б.
5. Шевченко С.Н. Влияние средств массовой информации на формирование представленной молодежи в семье. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/44696-jesse-vlijanie-sredstv-massovoj-informacii-na> (жүгінген күні: 10.01.2023).
6. Комаровский В.С. Государственная служба и СМИ: курс лекций. – Воронеж: ВГУ, 2003. – 114 с.
7. Никитенко В.А. Сравнительный анализ понятий «новые медиа» и «социальные медиа». [Электрондық ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-ponyatiy-novyeh-mediai-sotsialnyeh-media> (жүгінген күні: 12.01.2023).

8. Балмаева С.Д. Новые матрицы для понимания российских «новых медиа» // Вестник гуманитарного университета. – 2013. – Т. 1(1). – С. 1.
9. Смирнов С.С. Понятие «СММ» и «Медиа». [Электронный ресурс] – URL: <https://studfile.net/preview/9402693/> (жүгінген күні: 10.01.2023).
10. Шариков А.В. Так что же такое медиаобразование? // Медиаобразование. – 2005. – № 2. – С. 77-83.
11. Кортиева Д.В. Формирование ценностных ориентаций подростков в процессе медиаобразования // Вестник Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2008. – №32(70). – С. 83-87.
12. Насимов М.О. Тәрбие берудегі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі // Молодой ученый. – 2014. – № 4.1(63.1). – С. 30-31.
13. Изтурганова А.Б. Мектеп оқушыларын БАҚ арқылы әлеуметтендірудің педагогикалық теориялық негіздері [Электронный ресурс] – URL: http://www.rusnauka.com/14_NPE_2015/Pedagogica/6_193069.doc.htm (жүгінген күні: 15.01.2023).
14. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: Учебник. – Москва: Гардарики, 2005. – 269 с.
15. Волобуева Н.А., Дроботова Т. Влияние средств массовой информации и средств массовой коммуникации на формирование личности подростка. [Электронный ресурс] – URL: <https://dodiplom.ru/ready/102950> (жүгінген күні: 15.01.2023).

Б.С. Байменова, С.О. Кулжабекова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Формирование мировоззрения подростков через медиаконтент

Аннотация. В статье проанализированы пути формирования мировоззрения подростков через медиаконтент. За основу взяты теоретические труды ученых, изучавших эту область.

За основу берутся сущность, содержание, принципы понятия медиаконтента в современном обществе. Классификация медиа была дифференцирована, что позволило подросткам легко адаптироваться к социальной среде. Рассмотрены и разъяснены компетенции, присущие медиаграмотности. Он сосредоточен на навыках, необходимых людям для выживания в индустриальном технократическом обществе. Уточняется, что медиаобразование и медиакультура являются факторами модернизации общества. Четко сказано, что в правильном направлении педагоги должны увеличить количество и качество контента в социальных сетях, что положительно скажется на формировании мировоззрения подростков, и обеспечит, чтобы подростки были медиаграмотными.

Авторы в ходе изучения темы уточнили понятия социальных сетей, новых медиа. Изучаются особенности медиаконтента, влияющие на социализацию подростков, проводится анализ новых медиа. Раскрывая смысл основных понятий, предлагают эффективное, грамотное использование возможностей глобальной сети, которая является главным источником информации.

Ключевые слова: медиа, социальные сети, контент, реципиент, социальное явление, мировоззрение подростков.

B.S. Baimenova, S.O. Kulzhabekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Formation of teenagers' worldview through media content

Abstract. The article analyzes the ways of forming the worldview of adolescents through media content. The theoretical works of scientists who have studied this field are taken as a basis.

The essence, content, and principles of the concept of media content in modern society are taken as a basis. The classification of media was differentiated, which allowed teenagers to easily adapt to the social environment. The competencies inherent in media literacy are considered and explained. It focuses on the skills people need to survive in an industrial technocratic society. It is clarified that media education and

media culture are factors of modernization of society. It is clearly stated that in the right direction, teachers should increase the quantity and quality of content in social networks, which will have a positive impact on the formation of teenagers' worldview, and ensure that teenagers are media literate.

In the course of studying the topic, the authors clarified the concepts of social networks and new media. The features of media content affecting the socialization of adolescents are studied, the analysis of new media is carried out. Revealing the meaning of the basic concepts, it offers an effective, competent use of the capabilities of the global network, which is the main source of information.

Keywords: media, social networks, content, social phenomenon, teenagers' worldview.

References

1. Toffler E. SHok budushchego [Future shock] (Moskva: «Izdatel'stvo ACT», 2002, 557 s.) [Moscow, ACT Publishing House, 2002, 557 p.]. [in Russian]
2. Imankulov M., Usupbaeva A. Media i informacionnaya gramatnost': Resursnaya kniga dlya uchitelya [Media and information literacy: A resource book for teachers] (Bishkek, 2018, 270 s.). [in Russian]
3. Sejitkazy P.B. Mediabilim urpaktyn ruhyn shyndajdy [Media education strengthens the spirit of the generation]. [Electronic resource] – Available at: <https://yvision.kz/post/487275> (accessed: 28.01.2023). [in Kazakh]
4. Sejitkazy P.B. Bolashak mugalimderdi bukaralyk akparat kuraldary arkyly tarbie urdisine dajyndaudyn gylymi-teoriyalyk negizderi: Avtoref. dis. ... ped.gyl.dokt. [Scientific-theoretical foundations of preparing future teachers for the process of education through mass media: Author's Ref. dis. ... doctor of pedagogy] (Astana, 2009, 51 b.). [in Kazakh]
5. SHevchenko S.N. Vliyanie sredstv massovoj informacii na formirovanie predstavlennoj molodezhi v sem'e [The influence of the media on the formation of represented youth in the family]. [Electronic resource] – Available at: <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/44696-jesse-vlijanie-sredstv-massovoj-informacii-na> (accessed: 10.01.2023). [in Russian]
6. Komarovskij V.S. Gosudarstvennaya Sluzhba i SMI: kurs lekcij [Public service and the media: course of lectures] (Voronezh: VGU, 2003, 114 s.). [in Russian]
7. Nikitenko V.A. Sravnitel'nyj analiz ponyatij «novye media» i «social'nye media» [Comparative analysis of the concepts "new media" and "social media"]. [Electronic resource] – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-ponyatij-novye-mediai-sotsialnye-media> (accessed: 12.01.2023). [in Russian]
8. Balmaeva S.D. Novye matricy dlya ponimaniya rossijskih «novyh media, Vestnik gumanitarnogo universiteta [New matrices for understanding Russian "new media", Bulletin of the Humanitarian University], (1), 1 (2013). [in Russian]
9. Smirnov S.S. Ponyatie «SMM» i «Media» [The concept of «SMM» and «Media»]. [Electronic resource] – Available at: <https://studfile.net/preview/9402693/> (accessed: 10.01.2023). [in Russian]
10. SHarikov A.V. Tak chto zhe takoe mediaobrazovanie? Mediaobrazovanie [So what is media education? Media education], 2, 77-83 (2005). [in Russian]
11. Kortieva D.V. Formirovanie cennostnyh orientacij podrostkov v processe mediaobrazovaniya, Vestnik Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gercena [Formation of value orientations of adolescents in the process of media education, Bulletin of the Russian State Pedagogical University named after. A.I. Herzen], 32(70), 83-87 (2008). [in Russian]
12. Nasimov M.O. Tarbie berudegi bukaralyk akparat kuraldarynyn kyzmeti, Molodoj uchenyj [The function of mass media in education], 4.1(63.1), 30-31 (2014). [in Kazakh]
13. Izturganova A.B. Mektep okushylaryn BAK arkyly aleumettendirudin pedagogikalyk teoriyalyk negizderi [Pedagogical theoretical bases of socialization of schoolchildren through mass media]. [Electronic resource] – Available at: http://www.rusnauka.com/14_NPE_2015/Pedagogica/6_193069.doc.htm (accessed: 15.01.2023). [in Kazakh]
14. Mardahaev L.V. Social'naya pedagogika: Uchebnik [Social pedagogy: Textbook] (Moskva, Gardariki, 2005, 269 s.) [Moscow, Gardariki, 2005, 269 p.]. [in Russian]
15. Volobueva N.A., Drobotova T. Vliyanie sredstv massovoj informacii i sredstv massovoj kommunikacii na formirovanie lichnosti podrostka [The influence of the media and mass communications on the formation of a teenager's personality]. [Electronic resource] – Available at: <https://dodiplom.ru/ready/102950> (accessed: 15.01.2023). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Байменова Б.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Құлжабекова С.О. – әлеуметтік педагогика мамандығының 1-курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Baimenova B.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, str Yanushkevich., 6, Astana, Kazakhstan.

Kulzhabekova S.O. – 1st – year master’s student of the specialty of Social Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, str Yanushkevich., 6, Astana, Kazakhstan.